





Күміс университет аясындағы бейнелеу өнері дәрістері

2026 жылғы 29 қаңтарда Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «Күміс университет» бағдарламасы аясында “Бейнелеу өнері” бағыты бойынша Қазақстан және Батыс Еуропа бейнелеу өнеріне арналған кезекті дәрістер өтті.

Алғашқы дәрісті Өнертану факультетінің аға оқытушысы, өнертанушы Л.А. Кенжебаева «Қазақстан территориясындағы “Таңбалы” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының петроглифтері» тақырыбында жүргізіп, ежелгі тасқа қашалған бейнелердің тарихи-мәдени және көркемдік маңызын талдады.

Дәрістің екінші бөлімінде “Өнертану” факультетінің профессоры, өнертану кандидаты О.В. Батурина «Батыс Еуропадағы рококо өнері» тақырыбын қамтып, XVIII ғасыр еуропалық өнеріндегі рококо стилінің эстетикалық ерекшеліктерін таныстырды.

Сонымен қатар ҚР Еңбек қайраткері, профессор Б.Н.Байділда және ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Б.С.Тұрғынбай академиядағы бейнелеу өнері мектебінің қалыптасу тарихы мен белгілі суретшілердің шығармашылық шеберханалары туралы мазмұнды баяндама жасады.

Аталған дәрістер білім алушылардың ұлттық және еуропалық өнерге қатысты танымын кеңейтіп, көркемдік ой-өрісін тереңдетуге бағытталды.